



XҒТАР 15.21.45
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-150-1-137-152>

Студенттердің ойлау процесіндегі стильдердің өзара байланысын психологиялық талдау

К.К. Сайлинова*^{ORCID}, Н.С. Жұбаназарова^{ORCID}, А.М. Болтаева^{ORCID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: sailinova777@gmail.com, zhubanazarova@mail.ru, elnura.adilova@mail.ru, boltaeva.aliya@mail.ru)

Аңдатпа. Жоғары оқу орнындағы студенттердің әлеуметтік ортада дамуы мен кәсіби қалыптасуына ойлау процесінің маңыздылығы зор. Ойлау процесі объект пен субъектінің өзара әрекеті ретінде жүзеге асады. Ойлауды психологиялық тұрғыдан зерттеу оның ішкі, танымдық құпия мәнін және өнімді болуын, өзіндік ерекшеліктерін дамытып отыруға баса мән береді.

Ойлау процесі тұлғаның дамуында белгілі бір іс-әрекетпен байланысты менталды қабілеттерінен тұратын күрделі құрылымдық білім. Адамның өмір тәжірибесі мен практикалық іс-әрекетінің нәтижесі ретінде, әлеуми ортаны қабылдау мен рефлексияны біріктіре, коммуникативті қабілеттердің танымдық аспектісін түсіндіреді. Ой бұл ақпаратты өңдеуде, оның дағдыларын дамытуға, әлеуметтік контексте белсенді болуы, когнитивтік, эмоционалдық, мінез-құлық компоненттерді сипаттайтын интеллектуалдық дамуымен анықталады. Білім алушылардың қызығушылығын арттыруда, логикалық пен ақыл-ой қабілеттерін дамытуда, ғылыми зерттеу дағдыларын меңгеруде, таным объектілерін интеллектуалды қалыптастыру негізінде ойлау процесі орындалады. Ойлау-объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, тұлғаның танымдық әрекетіндегі стильдермен ерекшеленеді. Ойлау стилдерінде тұлғаның интеллектуалдық бағыттары, тәсілдері, дағдылар мен операциялар жүйесі түсіндіріледі. Білім алушылардың когнитивтік стильдік ерекшеліктеріндегі интеллект ресурстары, ойлау белсенділігінде жаңа білім алуға, мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, өз іс-әрекеттерін тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Ойлау процесі пайымдау негізінде саналы және мақсатты болып табылатын, қандай да бір нәтиже беретін ой қозғалысы.

Мақалада студенттердің ойлау стильдерін зерттеу қарастырылады.

Түйін сөздер: танымдық қабілеттер, ойлау процесі, ой, когнитивті, ойлау стилдері, интеллектуалдық, логика, рефлексия.

Кіріспе

Ойлау стилі – ойлау процестерінің сапаларын, сондай-ақ түрлерін қамтитын ақпаратты өңдеуге адамның табиғи бейімділігін білдіреді. Адамның ойлау стилін түсіну әлеуметтік қарым-қатынастың барлық салаларында маңызды. Ойлау стильдері ойдың жеке қасиеттеріне қатысты, ақпаратты қабылдау, өңдеу арқылы реттесе, ал басқалары тәжірибені сенсорлық қабылдауға бағыттайды.

Б.Ливехуд бойынша жас тұлғаның дамуындағы дағдарыс жастық шақта шешілуі керек сұрақтармен басталады. «Мен кімін?, Мен нені қалаймын?, Мен не істей аламын?» жастық шақта шешілуі керек маңызды сұрақтар болып табылады. Жастық шақта өзіндік қабылдап үйрену үшін, өз таңдауың мен шешіміне жауапкершілік болу керек. Егер жастық шақ кезеңінде басты мәселелерді алдына мақсат етіп қоя алмаса, мәселеден шығу жолын таппаса, өзіндік бағалауы қоғамдық пікірмен сипатталады немесе бүкіл әлемге қарсы тұрады.

Жоғары оқу орындарында білім алу жастар мәселесін шешуге әсер етеді. Б. Ливехудтің еңбегінде, «университеттерде оқу және жоғары оқу орнының басқа да формалары жастық шақты табиғи жағдайда ұзартып жібереді, нәтижесінде жеке жауапкершіліктің белгілі бір деңгейіне жетудегі ересектік тұрмыстың алғашқы фазасының дамуы бұзылады» деп жазады. Зерттеу барысында, тұлғаның мектептен кейін бірден жоғары оқу орнына түсуі жастық шақтың негізгі маңызды сұрақтарын шешуге, өзіндік жеке көзқарастың дамуына, жауапкершілігін нақтылауға, өмір сүру жолында жауапкершілікті сезінуге уақыт берілмейді. Уақыт өте келе жастар дағдарысты шешеді. Позитивті тұрғыда тұлға өз өміріне жауапкершілікті қабылдаумен аяқталады. Бұл өзіне қанағаттану, өмірге деген қызығушылықтың артуы, өмірден алғанына қанағаттанумен байланысты. Бұл қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуде тұлғалық, кәсіптік, әлеуметтік, сенімдер мен ұмтылыстарды дамыту әлеуметтік интеллектке негізделеді[1]. Психологияда ойлау стилі әлеуметтік ортада өзіндік салыстырмалы құрылымы мен селекциясы бар жүйе болып табылады. Тұлға өзінің өмір сүру процесінде қалыптасқан белгілі бір стилді, шешім қабылдау кезінде белгілі бір ойлау стратегияларын қолданады. Осы стилдердің әрқайсысының артықшылығы мен кемшілігі бар. Ойлау стилдерін дұрыс қолдана білу жағдайларға байланысты өзіндік өмір сүру жағдайларына тез бейімделуге, икемді болуға, мәселелерді оңтайлы шешуге, басқа адамдармен тиімді өзараәрекетке әкеледі.

Ойлау стилінде субъект өзінің интеллектуалды әдістерін, операциялары мен дағдыларына икемділігін осы уақытқа дейінгі тәжірибесіне орай бейімдейді. Тұлғада бірнеше ойлау стилінің болуының нәтижесі табыстылыққа әкеледі. Адам өзінің іс-тәжірибесінде ақыл-ойын дамытып, жаңа стратегияларды меңгеру арқылы өзін-өзі өсіруге әкеледі.

Сонымен қатар, көптеген адамдар ойлаудың қандай стилін қолданатынын мүлдем ойламайды. Ойлау әрекетінде стилдерді дұрыс қалыптастыра білу өмірлік және кәсіби әрекеттерде мақсатқа жетудің өзіндік стратегияларын құрады.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңде адамдардың ақпаратты қабылдауы, оны өңдеу тәсілдері және шешім қабылдауы олардың ойлау стиліне байланысты ерекшеленеді. Ойлау стилдері, бұл

адамның қоршаған орта туралы ақпаратты қабылдауда, түсінуде, талдауда қолданатын тұрақты тәсілдері.

Ойлау стилдерін зерттеу арқылы, тұлғаның танымдық қабілеттерін, шешім қабылдау дағдыларын жақсартуға, жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға, өмір сүру сапасын арттыруға арналған.

Ойлауды зерттеуді ежелгі философтар мен ғалымдар алдымен философия мен логикадан бастады. Ойлауды алғаш зерттеуші Парменид. Еуропалық философияның тарихында дедуктивті метафизиканың ережелерінің қысқаша мазмұнын «Ақиқат жолы» шығармасы арқылы ұсынды. Ойлау процесін логика тұрғысынан қарастырды. Философия тұрғысынан «...бірдей ойлау және ой не туралы...» деп болмыстың ойлауға ұқсас екендігін дәлелдейді. Аристотель ойлаудың «ақылды жанның» қызметі деп тұжырымдаларында негіздеді[2].

Ойлау ұғымын Роберт Л.Солсо теориялық тұрғыда талдап, интеллектімен байланыстырып, жаңа ойды қайта қалыптастыру процесін, күрделі өзара әрекеттесуде ой атрибуттарының пікір, абстракциялау, пайымдау, қиял және тапсырмаларды орындау барысында ақпараттарды түрлендіруді қамтиды деп ғылыми негізін зерттеді[3].

М. Мұқанов еңбегінде, ой дегеніміз сөз жүйесінің негізінде іске асатынынан бұл мидың сигнал қызметінің жемісі болып табылады. Бірақ ойдың өзіндік ерекшелігі сол, ол ұғымдардан тұрады. Ал ұғым дегеніміз - дүниедегі заттардың өзіне тән жалпы қасиеттерін жинақтап бейнелеу. Жарықтың 1 секундте 300 000 км жерге жететінін көз алдымызға елестету мүмкін емес. Мұны тек ұғым арқылы сөзбен түсінуге болады. Осыдан біз ой әрекеті дүниені танып білуде негізгі роль атқаратынын көреміз. Ойдың атқаратын сигналдық қызметі де оңай емес. Ой бейнелері мида өзара байланысты тізбекте болады да, тізбектің ішіндегі шартты бейнелер бірін-бірі хабарландырып, сигнал ретінде қызмет атқарады. Соның нәтижесінде тізбектің ішіндегі бейнелердің бірі өзгелерін «оятып», осыдан барып ой туады. Ойдың пайда болуына, тек сыртқы дүниеден келген сигналдар әсер етіп қоймай, клеткалардағы бейнелер біріне-бірі хабар беріп тұрады. Міне, осының себебінен ақыл-ой әрекеті іс жүзіне асады[4].

Қазіргі кезеңде танымдық қабілеттерді анықтаудың негізгі үш тәсілі бар. Біріншіден, когнитивтік қабілеттер бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін және дүниені табысты тануда көрінетін зейін сезім, қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау процестерінің тұлғалық психологиялық ерекшеліктері. Екіншіден, танымдық қабілет адам санасындағы объектілер мен субъектілер арасындағы қасиеттерді, қарым қатынастарды қамтитын бейнелеу жүйесі. Үшіншіден, танымдық қабілеттер бұл интеллект, интеллектуалдылық қабілеттер. Интеллект дегеніміз айналадағы әлемді тану, кез келген қызметтің табыстылығын анықтайтын және басқа қабілеттердің негізі болып табылатын мәселелерді шешу қабілеті деп зерттеледі [5].

Ойлаудың белсенді психологиялық зерттеулері XVII ғасырдан бері логикаға тәуелді болды. Осы ғасырда ойлау қабілеті туа біткен деп, психикадан жеке қарастырылды. Рефлексия, логикалық ойлау және пайымдау интеллектуалды қабілеттер деп саналды[6].

Рефлексия бұл саналы және ұйымдасқан ойлаудың белсенді де динамикалық процесі. Рефлексия барысында адам өзекті және кенеттен ойларды сұрыптап алады. Білім беру

процесінде рефлексиялық тәжірибенің маңыздылығын растайтын зерттеулер бар. Д.Мезиров рефлексия теориясында ол рационалды тәжірибе, саналы тұрғыдан шешім қабылдау барысында, сол шешімнің процесі мен нәтижесін ой елегінен өткізіп барып, әрекет етеді[7]. Рефлексияда адам өзінің алғышарттарының мәнін түсіну, сананың өзіне қаратылуын талап ететін философиялық ойлаудың принципі. Субъектінің назарын өзіне, қайтадан ой қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аудару[8]. Субъектінің психикалық іс-әрекетіндегі саналы және бейсаналық арасындағы байланыстың құрылымы, олардың әртүрлі факторларға тәуелділігі, мәселені шешу барысындағы дамуы, атқаратын қызметтері туралы әлі де зерттеулер жүргізіліп жатыр. Мұнда арнайы зерттеу объектісі болып табылатын саналы және бейсаналық деп бөлінген. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында пайда болатын вербалданбаған зерттеу әрекетінде когнитивтік қажеттіліктердің ерекше класы анықталды. Ойлау әрекетінің эксперименттік психологиялық зерттеулері, оның тек саналы мақсатқа бағынатын процестерден ғана емес, сонымен бірге болашақ нәтижелерді болжауға болатын және оны қалыптастыру процестерінен тұратынын көрсетті. Мұндағы операцияларға және нақты мақсатты әрекеттерге қарағандағы процесс ұзақ болуы мүмкін. Ойлау ілімі мен өзіндік сана ілімі арасында үлкен байланыс тенденциясы байқалады[9].

Бұл тенденцияны жүзеге асыру үшін «Мен-концепциясы» мен «Мен-ойлауды» ажырата білу керек. Бұл адамның «Мен-концепциясын» қалыптастыратын немесе өзгертетін білімінің дамуын білдіреді. Адамның белгілі бір даму сатысындағы психикалық іс-әрекеті, өзіндік санасының қалыптасуы кезінде білімнің өзі объектіге айналады, ойлар туындайды.

Субъектінің іс-әрекеті ретінде ойлаудың дифференциалдық дамуын зерттеген тұжырымдар бар.

Ойлаудың қазіргі кезеңдегі психологиялық зерттеулерін жалпылайтын болсақ, келесі ережелерді тұжырымдауға болады:

1. Ойлаудың дамыған формаларын белгілеу үшін эвристикалық функцияны орындауды «белсенділік» категориясын пайдалану.

2. Субъектінің психикалық іс-әрекетінің құрылымы туралы идеялардың үздіксіз байып отыруы байқалады, бұл объективті-практикалық іс-әрекетті жақсы түсіну үшін де маңызды.

3. Психикалық әрекетті зерттеудің қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі – жаңа қажеттіліктерді, мотивтерді, бағалауларды, мәндерді, мақсаттарды және әрекет әдістерін тудыруды талдау. Бұл тәсіл, ең алдымен, адам әрекетінің шығармашылық, алгоритмдік емес сипатын қамтиды, оны әдеттегі бейнелік әрекеттен ажыратады.

4. Теориялық талдаудың көптеген эксперименттік зерттеулердің нәтижесі болып табылатын психикалық іс-әрекеттің қазіргі заманғы интерпретациялары ойлауды психологиялық зерттеуге қатысты «белсенділік» пен «процесс» арасындағы байланыс идеясын нақтылайды. Белсенділік уақыт бойынша өрістейді, оның құрылымын толықтыратын кезеңдері арқылы жаңа формацияларды қамтиды, сонымен бірге әрекет процедуралық болып табылады.

5. Ойлау процесі туралы психологиялық ой мағыналардың, мақсаттардың, бағалаулардың, қажеттіліктердің, мотивтердің генерациясы мен динамикасы (ойлаудың семантикалық теориясы) көбейгені байқалады. Ойлауды зерттеудің «белсенділік» және «процессуалдық» тәсілдерін синтездеу үрдісі бар[10].

Іс-әрекет бағытының тарихи дамуында ойлаудың қалыптасуы сыртқы әрекеттен (сыртқы және ішкі) процестерге бейнеге өтуінде байқалады. А.Н. Леонтьев мектебінің өкілдері, психика мен іс-әрекеттің сәйкес болуы, айналадағы қоршаған дүниені субъектінің бейнесі арқылы көрсететін форма деп атап өтті. А. Н. Леонтьевтің пікірінше, ойлау адамға маңызды қасиеттер туралы білім беретін таным сатысы, объективті шындықтың байланыстары мен қатынастары[11].

М. Познер, өзінің эксперименттік зерттеулерінде реакция уақытын өлшейтін жеке жасушаларда белсенділік латенцияның стимулдан кейінгі гистограммасын талдайтын қозу потенциалдарын тіркеу қажет екенін көрсетті. «Ақыл-ой хронометриясын адамның жүйке жүйесіндегі ақпаратты қайта өңдеудің уақытша ағымын зерттеу ретінде анықтауға болады. Ақпаратты қайта өңдеу арқылы адамның ойына мән беру, яғни ақыл-ой хронометриясы субъективті жағдайлардағы әрекеттің өзгеруін, физиологиялық көрсеткіштерінің жүйелік өзара байланысын анықтауға бағытталған. Ақыл-ой хронометриясы әртүрлі феноменологиялық, физиологиялық және әрекеттік көзқарастарды біріктіру құралы болып табылады ...» [12].

Дегенмен, ойлау процесінің нәтижесі ретінде психикада пайда болатын бейнелердің, объектілердің және шындық құбылыстарының өзара байланыстары жүйесінің көрінісі және бұл "мағына" термині ойлау процесінің нәтижесінің функциясын орындайды. Ақыл-ой әрекетінің екінші атрибутына келетін болсақ, мақсат-ақыл-ой әрекетінің негізі бір нәрсені түсінуге деген ұмтылысты орнату. С.Л.Рубинштейн тұжырымдамасында, «ойлау процесінің бастапқы нүктесі әдетте мәселелік жағдай болып табылады. Адам бір нәрсені түсіну қажеттілігі туындаған кезде ойлана бастайды» [13]. Осылайша, ойлау процесі мен ақыл-ой әрекеті арасындағы айырмашылықты ретроспективті талдауға сүйене отырып, біз мұндай болжамды тұжырымдау арқылы қажетті арнайы қабілеттерді сәтті қалыптастыру үшін ойлау процесін ақыл-ой әрекетіне аудару керек. Сонымен қатар, бұл жалпы тапсырмаға қатысты (мысалы, қажетті арнайы қабілеттердің бүкіл жиынтығын қалыптастыру) және әрбір жеке ішкі тапсырмаға (нақты арнайы қабілеттер) қатысты жасалуы керек. Біз ойлау процесіндегі нәтиженің орнына мақсат қою, себептің орнына мотивтің болуымен ерекшеленетіндігін анықтағандықтан, әр жеке міндет үшін мақсат пен мотивтің болуын үнемі қадағалап, қажет болған жағдайда олардың пайда болуын ынталандыру және қолдау қажет. Ақыл-ой әрекеті сана мен фокус қасиеттеріне ие емес ойлау процесіне айналады[14].

Мәселелердің тиімді шешімдерін табуда процессуалдық (тұтас және үнемді) ойлау маңызды роль атқарады. Процестік ойлау негізінде қажетті білімді өзгерту бұл контекстік ойлау мен әрекет етуде техникалық қабілеттерді дамытады[15]. Мәселелерді шешу тәсілі – бұл танымдық дағды, жаңа жағдайларды жеңуге және тиісті жауаптар алуға көмектеседі. Жеке тұлғалар кейбір мәселелерді логикалық пайымдау арқылы, кейде сынақтар және қателіктер арқылы шешіледі. Мәселелерді шешу тәсілдері ойлау стилдерімен байланысты.

R. Brams, A. Harrison, R.J. Sternberg, Sahar Ghanbari, Mehdi Papi ойлау стильдерін зерттеген. А. Harrison и R. Brams ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметін зерттей отырып, жетекші когнитивтік жүйелер негізінде ойлау стильдерінің синтезатор, идеалист, прагматист, талдаушы, реалист классификациясын жасады[16].

Р.Стернберг бойынша, ойлау стильдері – бұл жеке адамдардың көзқарасына әсер ететін танымдық бейімділіктер, ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау. Жеке тұлғаның мәселелерді шешу дағдылары мен стратегияларына тікелей әсер етуі мүмкін әртүрлі тәсілдері арқылы ынталандыру. Ойлау стилі-ақпаратты есте сақтау және ойлау немесе белгілі бір тәсілдермен фактілерді алу, сақтау, құру және пайдалану әдісі[17]. Әр ақпаратты игерудің және оны ұйымдастырудың, өңдеудің өзіндік тәсілі бар айырмашылықтар ойлау стилі деп аталады. Ойлау стилі-бұл ақпаратты алуға да, өңдеуге де, ақпаратқа деген көзқарасқа және оқу ортасына байланысты әдеттерге байланысты оқытудың типтік тәсілі[18]. В.М. Розин пікірінше, ойлауды бірінші бағытта, ұғымдарды жалпыланған білімдерді өңдеу процесі ретінде талдаса, екінші бағытта ойлауды мәселелерді шешудегі саналы әрекетке бейімделу, мінез-құлықтың аспектілеріне сәйкес келеді[19].

Зерттеу әдістері

Ойлау стилдері әдістемесі InQ (Inquiring Mode Questionnaire), американдық авторлар Р. Брэмсон мен А.Харринсон «The Art of Thinking» (бейімдеген А.А. Алексеев, Л.А. Громова, 1984) еңбегінде ойлау тәсілдерін анықтау үшін қолданылады. Р. Брэмсон, А. Харринсонның «Ойлау стилдері» сауалнамасы синтетикалық, идеалистік, прагматикалық, аналитикалық, реалистік ойлау стилдерін диагностикалауға бағытталған. Стимул материалына 18 мәлімдеме кіреді. Әр мәлімдемеде бес жауап нұсқасы бар. Субъект нұсқалардың әрқайсысын 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалайды. Мұндағы 1-саны берілген жауаптың 58-келісімнің ең төменгі дәрежесін, 5-максимумды білдіреді. Мәлімдемені бағалау кезінде ұсынылған жауап нұсқаларының әрқайсысы әртүрлі бағалануы керек. Сәйкес бағалауға жол берілмейді. Нәтижелерді өңдеу кілттің көмегімен жүзеге асырылады. Доминантты стилді бес стилдің әрқайсысы бойынша ұпайлардың қосындысын салыстыру негізінде анықтауға болады. Шкалалар бойынша қорытындыласақ, сонымен қатар әр көрсеткіштерді ойлау стилдерінің иерархиясы бойынша салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Студенттердің ойлау процесін зерттеуде «Ойлау стилдері» әдістемесі алынды. Зерттеуге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім алатын жалпы саны 100 студент қатысты. Жас шамасы 18-20 жасты құрады.

«Ойлау стильдері» әдістемесі бойынша стильдерді бес негізгі категорияға бөліп сипаттайды. Әрбір стиль мәселелерді шешуде, ақпаратты қабылдауда, шешім шығаруда әртүрлі тәсілді қолданады.

Синтездік (синтетикалық) стиль. Синтездік ойлаушылар жаңа идеяларды шығаруда, мәселелерді креативтік тұрғыдан шешуде ерекшеленеді. Олар түрлі мәліметтерді біріктіріп, жаңа шешімдерді іздеуге қабілетті болып табылады.

Синтетикалық ойлаудың сипаттары: әртүрлі ақпаратты біріктіру қабілеті; стандартты емес тәсілдерді қолдану; болашаққа болжам жасау.

Идеалистік стиль. Идеалистік ойлаушылар принциптер мен құндылықтарға баса назар аударады, идеалдарды ұстанады. Олар шындық пен идеал арасындағы нақтылықты, қоршаған ортаға оң әсер етуді мақсат етеді. Сипаттамалары бойынша; әлемді жақсартуға бағытталған идеяларға сену; өзіне және өзгелерге жоғары талап қою; құндылықтар мен принциптерге негізделген шешімдер.

Прагматикалық стиль. Прагматикалық ойлаушылар тиімді шешімдерге қол жеткізу үшін іс жүзінде қолданылатын әдістерді таңдайды. Олар шешімдерді шынайы өмірде жүзеге асыруға мән береді және әрқашан практикалық нәтижеге қол жеткізуге тырысады. Ерекшеліктері: жедел және тиімді шешімдерге ұмтылу; тәжірибе мен нақты нәтижелерге мән беру; икемділік пен шынайылық.

Аналитикалық стиль. Аналитикалық ойлаушылар деректер мен фактілерге негізделген, жүйелі ойлауды артық көреді. Олар дәлелдерді деректерді терең зерттеп, әр қадамды жан-жақты талдайды. Ерекшеліктері: деректерді жинау мен талдау; логикалық дәлелдерге сүйену; шешімдерге жүйелі әрі негізделген көзқарас.

Реалистік стиль. Реалистік ойлаушылар нақты іс жүзіндегі жағдайларды есепке алып шешім қабылдайды. Олар көп жағдайда ықтималдық пен мүмкіндікті ескере отырып, объективті түрде ойлайды. Сипаттары: фактілерге сүйену; ағымдағы жағдайларды ескере отырып шешім қабылдау; іс жүзіндегі шынайылықты бағалау [20].

Зерттеу нәтижелері /Талқылау

Студенттердің ойлау стилдері бес негізгі типке бөліп анықталды.

Синтетикалық ойлау стилі бойынша студенттер шығармашылыққа, идеяларды біріктіруге және жаңашыл көзқарастарға бейім. Қарым- қатынаста жаңа, ерекше шешімдер ұсынады, өзгелерді шығармашылық тұрғыдан ойлауға итермелейді. Топтық жұмыстарда идея ұйымдастырғыш, бірақ нақты нәтижеге жеткізе алмайды.

Аналитикалық ойлау стилінде студенттер логикаға, нақтылыққа, объективтілікке көңіл бөледі. Қарым-қатынаста мәселелерді жете талдап, логикалық қорытындыларға мән береді, дәлелдерге сүйенеді. Топтық жұмыста нақты деректерге байланысты шешім қабылдайды.

Реалистік ойлау стилдегі студенттер қарым-қатынаста нақты нәтижелерге және практикалық шешімдерге мән береді. Топтық жұмыста шешімнің нақты іске асатын жолдарына мән беріп, жетістіктерге жетуге тырысады.

Идеалистік ойлау стиліндегі ойлаушылар үлкен принциптер мен құндылықтарға негізделген істерді қолдайды. Қарым-қатынас кезінде әділеттілік пен келісімділікті жақтайды, топтағы мүшелердің пікірін ескереді.

Прагматикалық ойлау стиліндегі білім алушылар жылдам және нақты көрсеткіштердің нәтижесіндегі іс-әрекетке бағытталған. Алдына қойылған мақсатты тез жүзеге асыруды көздейді.

Ойлау стилінің басымдылығын анықтау бойынша студенттердің әртүрлі ойлау стилдері бойынша жинаған баллдары салыстырылып, әрбір стиль бойынша орташа балл салыстырылып, қай ойлау стиліне бейім екендігі анықталады.

Ойлау стильдерінің психологиялық негіздері



Сурет 1.

Зерттеу барысында тұлғаның ойлау стильдеріндегі ойдың икемділігі, дамыған коммуникативті сөйлеу қасиеттері, қарым-қатынас процесінде стресске төзімділік,

диагностикалық ойлау, ойлау қасиеттері, тұлға стилі психодиагностикада психологиялық факторлардың арасындағы ерекшеліктері анықталады.

«Ойлау стильдерінің» көрсеткіштері

Кесте 1

Реті	Ойлау стильдері	Бақылау тобы	Эксперименттік тобы
1	Синтетикалық ойлау стилі	17	20
2	Идеалистік ойлау стилі	12	15
3	Прагматикалық ойлау стилі	23	22
4	Аналитикалық ойлау стилі	21	19
5	Реалистік ойлау стилі	27	24

Синтетикалық ойлау стилі бақылау тобы 17% жаңа идеяларды біріктіру қабілеті бар, эксперименттік топта 20% жаңа идеяларды құрастыруға, қиял мен шығармашылыққа бейімділік жоғары. Оқыту немесе әдістемелік өзгерістердің әсерін көрсетуі мүмкін.

Идеалистік ойлау стилі бақылау тобы 12% идеялар мен құндылықтар маңызды, рационалды ой басым, эксперименттік топта 15% арасындағы зерттелушілер арасындағы айырмашылықта адамгершілік, рухани құндылықтарға, мінсіздікке көбірек мән беретінің білдіреді. Бұл эмоциялық және этикалық компоненттердің артуын көрсетеді.


Прагматикалық ойлау стилінде бақылау тобы 23% іс-тәжірибе, нәтиже пайдалы шешімдерге назар аударады, эксперименттік топта 22% көрсеткіштер арасында айырмашылық аз, нақты іс жүзіндегі шешімдерге орай, синтетикалық және идеалистік стильдердің басым болуына байланысты болуы мүмкін.

Аналитикалық ойлау стилінде бақылау тобы 21% логикалық ойлау басым, дәлел, талдау құрылым маңызды, эксперименттік топта 19% логикалық және жүйелі ойлауға қарағанда, шығармашылыққа көбірек басымдық берілген.

Реалистік ойлау стилі бақылау тобы 27% нақты өмірлік жағдайларға сүйеніп ойлайды, қиялдан гөрі шындықты тандайды, эксперименттік топта 24% тәжірибеге негізделген көзқарастарға қарағанда, теориялық немесе эмоционалды компоненттер мен ойлау абстракциясы біршама артқанына байланысты.

Эксперименттік топта ойлау стилі шығармашылық пен ішкі құндылықтарға негізделген. Пирсон корреляциясы коэффициенті $r=0,89$ бұл жоғарғы оң корреляция, бақылау және эксперименттік топтардағы ойлау стильдері ұқсас ($p < 0,05$) көрсеткіш статистикалық тұрғыдан мағыналы яғни нәтиже сенімді. Бұл нәтижелер екі топ арасында ортақ танымдық бейімділіктердің бар екенін білдіреді. Ойлау стильдерінде айырмашылықтар бар болса да, олардың құрылымдарының арасында тығыз байланыс байқалады.

Кесте 2



Ойлау стилі адамның танымдық бағыты және негізгі белгілері индивидуалдылық және тұрақтылықпен анықталады.

Аналитикалық стиль сұрақтар мен мәселелерді тез ойды білдіруге асықпайды, алға қойған мәселелерді шешу үшін дайындалған жоспар құрады. Қоршаған ортаға рационалды болып келеді. Олардың көзқарасы тұрақты. Ақпаратпен жұмыс істеуде ұқыпты. Осы қасиеттеріне орай кәсіби тұрғыдан өздерінің қызығушылықтарына компонентті.

Прагматикалық стил практикалық тұрғыдан парасатты ой мен логикалық әдісті тәжірибемен ұштастыра алады. Ойлау стилінің прагматикалық жеке тәжірибеге сүйеніп, белсенді іс-әрекет тәсілдерімен нәтижеге жетеді. Конъюктураны жақсы сезінеді, бейімделгіш, икемді. Практикалық сұрақтарды шешкенді ұнатады.

Ойлаудың идеалистік стилі адамгершілік мәселесіне, құндылықтарға қызығушылығы жоғары болады. Шешім қабылдауда субъективті факторларды ескереді. Адамдар арасындағы қарама-қайшылыққа түрлі позициядағы ұқсастыққа көңіл аударады. Интуициямен жұмыс істей біледі.

Реалистік стилдегі ойлау нақты фактілерге бағытталады. Нақты естіп, көрген білген ақпараттарды қабылдағанды ұнатады. Болып жатқан жағдайларды бақылай алады. Өзіндік ресурстарды дұрыс уақытында көрсетеді. Өмір қандай болса, оған сондай көзбен қарауды үйренген.

Синтетикалық ойлау стилі жаңа, ерекше нәрсе жасауда, ұқсас емес көбінесе қарама-қарсы идеяларды, көзқарастарды біріктіруде, ойлау эксперименттерін жүзеге асыруда көрінеді. Синтезаторлар әртүрлі тәсілдерді біріктіруге, қарама-қайшылықтарды жоюға

қарама қарсы позицияларды татуластыруға мүмкіндік беретін, кеңірек жалпыланған тұжырымдама жасауға тырысады.

Қорытынды

Ойлау стильдері – адамдар бір тапсырманы орындауда әр түрлі жол іздейді: түрлі сұрақтар арқылы шешу процесін әдістемелік тұрғыдан әр түрлі жолмен ұйымдастырады. Студенттердің ойлау стилдерін зерттей келе, әртүрлі тұлғалардың мәселелерді шешу тәсілдерінде ерекшеліктер бар екені анықталды. Әр адамның ойлау стилі ерекшеліктері өзгеше, олардың шешім қабылдауына, ақпаратты өңдеуіне, тапсырмаларды орындауына әсер етеді.

1. Синтезатор ойлау стиліндегі тұлғалар, күрделі мәселелерді жан-жақты қарастыруға бейім келеді. Олар шығармашылық ойлау қабілетімен ерекшеленеді, әрдайым жаңа идеяларды, шешімдерді ұсынады.

2. Идеалист бұл ойлау стилін ұстанатындар жалпы мақсатқа және үлкен идеяларға бағытталады. Олар үшін өздерінің құндылықтарына, ұстанымдарына сай шешім қабылдау маңызды.

3. Практикалық стильдегі тұлғалар нақты нәтижеге бағытталған және тиімділікті бірінші орынға қояды. Олар нақты мәселелерді шешуге, жағдайды жақсартуға тырысады, практикалық ойлауға бейім.

4. Аналитикалық стильдегі логикалық ойлауға бейім адамдар. Олар мәселелерді жүйелі түрде қарастырады. Шешім қабылдауда барлық деректерді мұқият талдайды.

5. Реалистік стиль. Реалистік ойлаушылар шынайы, қолжетімді шешімдер іздейді. Олар өз ресурстарын нақты нәтижелерге бағыттайды.

Бұл стилдер тұлғалардың жеке қасиеттері мен күнделікті өмірдегі шешім қабылдау тәсілдерін сипаттайды.

Ойлау стилдерін зерттеулері когнитивті психологияда, танымдық процестерді түсіндіреді. Білім беру саласында білім алушылардың оқу процесіне тиімді әдістемелерді қолдануға, оқыту әдістерін ұйымдастыруға, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Басқару саласында, менеджмент және HR бойынша, командалық жұмыста, топ, ұйым арасында өзара қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді. Кәсіби бағыттағы таңдауы мен өз әлеуетінің тиімділігін болжауға мүмкіндік береді.

Автордың үлесі

Сайлинова К.К. – әдебиеттерге шолу, сыни талдау, шолу жазу идеясы, зерттеуді жазу және пысықтау

Жубаназарова Н.С. – ғылыми басшылық, әдістемені әзірлеу

Болтаева А.М. – зерттеу тұжырымдамасы, деректерді талдау.

Әдебиеттер тізімі

1. Ливехуд Б. Кризисы жизни – шансы жизни. Развитие человека между детством и старостью /; пер. с нем. – Калуга : Духовное познание. – 1994. – 224 с.
2. Зефиоров Т.Л., Зиятдинова Н.И., Купцова А.М. Физиологические основы мышления / Казань, КФУ. – 2015. – 42 с.
3. Солсо Р. Когнитивная психология /– 6-е изд. – СПб.: Питер. – 2006. – 460 с.
4. Мұқанов М. Жан дүниесінің сыры «Қазақ мемлекет баспасы». – 1964. – 75 б
5. Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – 2023. – 408 б.
6. Titus Anto, Peter Varghese Muttungal. International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE) – 2024. – Vol. 13. №. 2 – pp. 742-751 doi: 10.11591/ijere.v13i2.26573
7. Воронин Л. Г. Физиология высшей нервной деятельности [Текст] /Л. Г. Воронин. Москва: МГУ. – 1972. – 142 с.
8. Tuyebayev M. Сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық ойлау және рефлексия: ұқсастықтары мен айырмашылықтары [Электрондық ресурс] / М. Tuyebayev // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. – 2016. – Cilt 4. — Sayı 9. — S. 178–182. doi:10.33692/avrasyad.509641
9. Тихомиров О.К., Брушлинский А.В. О тенденциях развития современной психологии мышления. // Национальный психологический журнал. – 2013. № 1. – С.10-16. doi: 0.11621/npj.2013.0201
10. Титов А.А. Мышление как процесс и как деятельность: анализ философско-психологических исследований мышления // Педагогика и психология образования. – 2020. № 1. С. 180–197. doi: 10.31862/2500-297X
11. Тихомиров О. К. Психология мышления: Учебное пособие. М.: Изд-во Моск. ун-та. — 1984. – 272 с.
12. Posner M.I., Raichle M.E. Images of mind. - N.Y.: Scientific American Libraiы. — 1994. – P. 327-383.
13. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии / С. Л. Рубинштейн. – Санкт-Петербург : Питер. — 2001. – 720 с.
14. Евдокимов В.Н. Международный научный журнал "Флагман науки". — 2023. №8(8) doi:10.37539/2949-1991.2023.8.8.002
15. Koblasa, F., Šírová, E., Králíková, R. The use of process thinking in the industrial practice – Preliminary survey, Tehnički Vjesnik – Technical Gazette — 2019. — Vol. 26. №3. — P.786-792, doi: 10.17559/TV-20150617135306.
16. Суроедова Е.А. Стили мышления как предикторы психологической готовности студентов к инновационной деятельности // Вестник Самарского Государственного Технического Университета. Серия «Психолого-педагогические науки» — 2021. Т. 18. № 2. — С. 19–30. doi: org/10.17673/vsgtu-pps.2021.2.2
17. Mayla SS., Cahyani R., Ahmatika D. Analisis Kemampuan Berpikir Kritis Siswa Ditinjau Dari Gaya Berpikir. PERISAI: Jurnal Pendidikan dan Riset Ilmu Sains. — 2024 . — 3(1) — P.14-26. doi: 10.32672/perisai.v3i1.464
18. Gustina Mansyur, J., Laratu, W. N., Tule R. Mental Models Based on Students Thinking Style About Objects in Static Fluid. Jurnal Penelitian Pendidikan IPA.— 2024.—V3.№11. doi:10.29303/jppipa.v10i11.798020.
19. Горин А.С., Голушко Т.К. Эффективность использования различных средств визуализации в зависимости от стиля мышления студентов // Психолого-педагогический журнал «Гаудеамус». — 2024. — Т. 23. № 2. — С. 25-34. doi:10.20310/1810-231X-2024-23-2-25-34

20. Алексеев А.А., Громова Л.А. Пойми меня правильно или книга о том, как найти свой стиль мышления, эффективно использовать интеллектуальные ресурсы и обрести взаимопонимание с людьми. – СПб.: Экономическая школа. — 1993. - 352 с.

К.К. Сайлинова*, Н.С. Жұбаназарова, А.М. Болтаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Психологический анализ взаимосвязи стилей в мыслительном процессе студентов

Аннотация. Большое значение имеет процесс мышления для развития и профессионального становления студентов вуза в социальной среде. Мыслительный процесс осуществляется как взаимодействие объекта и субъекта. Изучение мышления с психологической точки зрения подчеркивает его внутреннюю, познавательную тайную сущность и продуктивность, развитие его специфических особенностей. Мыслительный процесс представляет собой сложное структурное образование, состоящее из ментальных способностей, связанных с определенной деятельностью в развитии личности. Как результат жизненного опыта и практической деятельности человека, сочетающий в себе восприятие и рефлекссию социальной среды, объясняет познавательный аспект коммуникативных способностей. Мысль заключается в обработке информации, в развитии ее умений, в активизации в социальном контексте, в интеллектуальном развитии, характеризующем когнитивные, эмоциональные, поведенческие компоненты. В повышении интереса обучающихся, развитии логических и умственных способностей, приобретении навыков научного исследования выполняется мыслительный процесс на основе интеллектуального формирования объектов познания. Мышление-высшая форма активного отражения объективной действительности, отличающаяся стилями в познавательной деятельности личности. В стилях мышления объясняются интеллектуальные направления, способы, навыки и система операций личности. Интеллектуальные ресурсы в познавательных стилевых особенностях обучающихся, позволяют получать новые знания в мыслительной деятельности, решать проблемы, принимать решения, эффективно планировать свои действия. Мыслительный процесс-это движение мысли, которое является сознательным и целенаправленным на основе рассуждений, которое дает какой-то результат. В статье рассматривается изучение стилей мышления студентов.

Ключевые слова: когнитивные способности, мыслительный процесс, мышление, когнитивные, стили мышления, интеллектуальность, логика, рефлексия.

K.K. Sailinova*, N.S. Zhubanazarova, A.M. Boltaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Psychological analysis of the relationship between styles in the thinking process of students

Annotation. The process of thinking is of great importance for the development and professional development of university students in a social environment. The thought process is carried out as an

interaction between an object and a subject. The study of thinking from a psychological point of view emphasizes its inner, cognitive secret essence and productivity, the development of its specific features. The thought process is a complex structural formation consisting of mental abilities associated with certain activities in the development of personality. As a result of a person's life experience and practical activity, combining perception and reflection of the social environment, explains the cognitive aspect of communication abilities. The idea is to process information, to develop its skills, to activate it in a social context, and to develop it intellectually, characterizing cognitive, emotional, and behavioral components. In order to increase the interest of students, develop logical and mental abilities, and acquire scientific research skills, a thought process is carried out based on the intellectual formation of objects of cognition. Thinking is the highest form of active reflection of objective reality, characterized by styles in the cognitive activity of a person. Thinking styles explain the intellectual directions, methods, skills, and system of operations of a personality. Intellectual resources in the cognitive stylistic features of students allow them to gain new knowledge in mental activity, solve problems, make decisions, and plan their actions effectively. A thought process is a movement of thought that is conscious and purposeful based on reasoning, which gives some kind of result. The article examines the study of students' thinking styles.

Keywords: cognitive abilities, thought process, thinking, cognitive, thinking styles, intelligence, logic, reflection

References

1. Livehud B. Krizisy zhizni - shansy zhizni. Razvitie cheloveka mezhdue detstvom i starost'ju /; per. s nem. — Kaluga : Duhovnoe poznanie. — 1994. — 224 s.
2. Zefirov T.L., Zijatdinova N.I., Kupcova A.M. Fiziologicheskie osnovy myshleniya / Kazan', KFU. — 2015. — 42 s.
3. Solso R. Kognitivnaya psixologiya / — 6-e izd. — SPb.: Piter. — 2006. — 460 s.
4. Мұқанов М. Zhan dınyesiniń syry «Qazaq memleket baspasy». — 1964. — 75 b
5. Bilim alushylardıń kognitivtik qabiletterin damytu boıynsha әdistemelik ısynymdar. — Astana: Y. Altynsarin atyndary Ұлттық bilim akademijasy. — 2023. — 408 b.
6. Titus Anto, Peter Varghese Muttungal. International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE) — 2024. — Vol. 13. №. 2— pp. 742-751 doi: 10.11591/ijere.v13i2.26573
7. Voronin L. G. Fiziologiya vysshej nervnoj dejatel'nosti [Tekst] / L. G. Voronin. Moskva: MGU. — 1972. — 142 s.
8. Tuyebayev M. Syn tırtıysynan oılau, shyғarmashylyq oılau zhәne refleksiya: ыqsastyqtary men ajyrmashylyqtary [Jelektrondyq resurs] / M. Tuyebayev // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. — 2016. — Cilt 4. — Sayı 9. — S. 178–182. doi:10.33692/avrasyad.509641
9. Tihomirov O.K., Brushlinskij A.V. O tendencijah razvitija sovremennoj psixologii myshleniya. // Nacional'nyj psixologicheskij zhurnal. — 2013. № 1. — S.10-16. doi: 0.11621/npj.2013.0201
10. Titov A.A. Myshlenie kak process i kak dejatel'nost': analiz filosofsko-psixologicheskix issledovanij myshleniya // Pedagogika i psixologiya obrazovaniya. — 2020. № 1. S. 180–197. doi: 10.31862/2500-297X
11. Tihomirov O. K. Psixologiya myshleniya: Uchebnoe posobie. M.: Izd-vo Mosk. un-ta. — 1984. — 272 s.
12. Posner M.I., Raichle M.E. Images of mind. - N.Y.: Scientific American Library. - 1994. — P. 327–383.
13. Rubinshtejn S. L. Osnovy obshhej psixologii / S. L. Rubinshtejn. — Sankt-Peterburg : Piter. — 2001. — 720 s.

14. Evdokimov V.N. Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal "Flagman nauki". — 2023. №8(8) doi:10.37539/2949-1991.2023.8.8.002
15. Koblasa, F., Šírová, E., Králíková, R. The use of process thinking in the industrial practice – Preliminary survey, Tehnički Vjesnik – Technical Gazette — 2019. — Vol. 26. No. 3. — P.786-792, doi: 10.17559/TV-20150617135306. 16.
16. Suroedova E.A. Stili myshlenija kak prediktory psihologicheskoy gotovnosti studentov k innovacionnoj dejatel'nosti // Vestnik Samarskogo Gosudarstvennogo Tehnicheskogo Universiteta. Serija «Psihologo-pedagogicheskie nauki» — 2021. T. 18. № 2. — S. 19–30. doi: org/10.17673/vsgtu-pps.2021.2.2
17. Mayla SS., Cahyani R., Ahmatika D. Analisis Kemampuan Berpikir Kritis Siswa Ditinjau Dari Gaya Berpikir. PERISAI: Jurnal Pendidikan dan Riset Ilmu Sains. — 2024 . — 3(1) — P.14-26. doi: 10.32672/perisai.v3i1.464
18. Gustina Mansyur, J., Laratu, W. N., Tule R. Mental Models Based on Students Thinking Style About Objects in Static Fluid. Jurnal Penelitian Pendidikan IPA.-2024.—V3.No.11.doi:10.29303/jppipa.v10i11.798020.
19. Gorin A.S., Golushko T.K. Jeffektivnost' ispol'zovaniya razlichnyh sredstv vizualizacii v zavisimosti ot stilja myshlenija studentov // Psihologo-pedagogicheskij zhurnal «Gaudeamus». — 2024. — T. 23. № 2. — S. 25-34. doi:10.20310/1810-231X-2024-23-2-25-34
20. Alekseev A.A., Gromova L.A. Pojmi menja pravil'no ili kniga o tom, kak najti svoj stil' myshlenija, jeffektivno ispol'zovat' intellektual'nye resursy i obresti vzaimoponimanie s ljud'mi. – SPb.: Jekonomicheskaja shkola. — 1993. - 352 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Сайлинова Карлыгаш Кайрбергеновна – хат-хабар үшін автор, докторант, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. Email: sailinova777@gmail.com

Жубаназарова Назираш Сулейменовна – психология ғылымдарының кандидаты, доцент, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. Email: zhubanazarova@mail.ru

Болтаева Алия Масакбаевна – аға оқытушы, Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. Email: boltaeva.aliya@mail.ru

Информация об авторах:

Сайлинова Карлыгаш Кайрбергеновна – автор для корреспонденции, докторант кафедры общей и прикладной психологии, Казахского Национального университета имени Аль-Фараби, Проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. Email: sailinova777@gmail.com

Жубаназарова Назираш Сулейменовна – кандидат психологических наук, доцент кафедры общей и прикладной психологии Казахского Национального университета имени Аль-Фараби, Проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. Email: zhubanazarova@mail.ru

Болтаева Алия Масакбаевна – кандидат психологических наук, старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии Казахского Национального университета имени Аль-Фараби, Проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. Email:boltaeva.aliya@mail.ru

Information about authors:

Sailinova Karlygash Kairbergenovna – author for correspondence, doktorant of the Department of General and Applied Psychology of the Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. Email: sailinova777@gmail.com

Zhubanazarova Nazirash Suleimenovna – candidate of psychological science, docent of the Department of General and Applied Psychology of the Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. Email:zhubanazarova@mail.ru

Boltaeva Aliya Masakbaevna – Candidate of Psychological Sciences, senior lecturer at the Department of General and Applied Psychology, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. Email:boltaeva.aliya@mail.ru